

## **Құрылыстағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбек гигиенасы туралы конвенцияны (167-конвенция) ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 19 маусымдағы N 263 Заңы

Женевада 1988 жылғы 20 маусымда Халықаралық еңбек ұйымы Бас конференциясының 75-сессиясында қабылданған Құрылыстағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбек гигиенасы туралы конвенция (167-конвенция) ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

## **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕҢБЕК ҰЙЫМЫ 167 КОНВЕНЦИЯ Құрылыстағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбек гигиенасы туралы конвенция (1988 жылғы маусым айының 20 күні қабылданған)**

*(2009 жылғы 18 маусымда күшіне енді - ҚР СИМ-нің ресми сайты)*

## **167 КОНВЕНЦИЯ Құрылыстағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбек гигиенасы туралы конвенция <sup>1</sup>**

Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі Женевада шақырған және 1988 жылғы 1 маусымда өзінің жетпіс бесінші сессиясына жиналған Халықаралық Еңбек Ұйымының Бас Конференциясы, тиісті халықаралық конвенцияларды және еңбек жөніндегі ұсынымдарды, және атап айтқанда, Құрылыстағы қауіпсіздік техникасы жөніндегі 1937 жылғы Конвенция мен Ұсынымды, Құрылыс өнеркәсібінде жазатайым оқиғалардың алдын алу ісіндегі ынтымақтастық туралы 1937 жылғы Ұсынымды, Радиациядан қорғау туралы 1960 жылғы Конвенция мен Ұсынымды, Машиналарды қорғаныс құралдарымен жабдықтау туралы 1963 жылғы Конвенция мен Ұсынымды, Ең ауыр жүк туралы 1967 жылғы Конвенция мен Ұсынымды, Кәсіптік рак аурулары туралы 1974 жылғы Конвенция мен Ұсынымды, Өндірістік орта туралы (ауаның ластануы, шу және діріл) 1977 жылғы Конвенция мен Ұсынымды, Еңбек қауіпсіздігі және еңбек гигиенасы туралы 1981 жылғы Конвенция мен Ұсынымды, Еңбек гигиенасы қызметтері туралы 1985 жылғы Конвенция мен Ұсынымды, Асбесті пайдалану кезінде еңбекті қорғау туралы 1986 жылғы Конвенция мен Ұсынымды және Өндірістік жарақаттану жағдайларындағы жәрдемақылар туралы 1964 жылғы Конвенцияға қосымшада келтірілген, 1980 жылы қайта қаралған кәсіптік аурулар тізбесін назарға ала отырып, сессияның күн тәртібінің төртінші тармағы болып

табылатын, құрылыстағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбек гигиенасы туралы бірқатар ұсыныстар қабылдауға қаулы ете отырып, бұл ұсыныстарға халықаралық конвенция нысанын беруді шеше отырып, осы бір мың тоғыз жүз сексен сегізінші жылғы маусым айының жиырма күні, Құрылыстағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбек гигиенасы туралы 1988 жылғы Конвенция деп аталуы мүмкін төмендегі Конвенцияны қабылдайды.

1

Күшіне енгізілген уақыты: 1991 жылғы 11 қаңтар

## **I БӨЛІМ. ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ АНЫҚТАМА АЯСЫ**

### **1-бап**

1. Осы Конвенция құрылыс қызметінің барлық түрлерін, атап айтқанда, құрылысты, азаматтық құрылысты, кез келген процестерді, операцияларды немесе құрылыс алаңындағы тасымалдауды қоса, алаңды дайындаудан нысанды аяқтауға дейінгі монтаждау және қайта монтаждау жұмыстарын қамтиды.

2. Осы Конвенцияны ратификациялайтын Ұйымның Мүшесі, мүдделі жұмыс берушілері мен қызметкерлердің анағұрлым өкілдікті ұйымдарымен консультациялардан кейін, мұндайлар бар болса, экономикалық қызметтің жекелеген салаларын немесе оларға қатысты айтарлықтай сипаттағы ерекше проблемалар туындайтын жекелеген кәсіпорындарды, қауіпсіз және салауатты жұмыс ортасы қамтамасыз етілген жағдайда, Конвенцияны қолдану аясынан немесе оның кейбір ережелерін қолдану аясынан алып тастай алады.

3. Сондай-ақ, осы Конвенция жал бойынша жұмыс істемейтін, ұлттық заңнамада немесе ережеде осындай деп белгіленген адамдарды да қамтиды.

### **2-бап**

Осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

а) "құрылыс" термині мыналарды қамтиды:

i) жер жұмыстарын және салуды, конструктивтік өзгерістерді, қалпына келтіру жұмыстарын, күрделі және ағымдағы жөндеуді (тазалауды мен сырлауды қоса) және ғимараттар мен құрылымдардың барлық түрлерін бұзуды қоса құрылыс жұмыстарын;

ii) жер жұмыстарын және салуларды, конструктивтік өзгерістерді, күрделі және ағымдағы жөндеуді және мысалы, аэропорттарды, айлақтарды, гаваньдерді, ішкі су жолдарын, бөгеттерді, өзендер мен теңіздер жағалауы бойындағы және опырылып құлау аймақтары жанындағы қорғаныс құрылымдарын, автомобиль жолдары мен шосселерді, темір жолдарды, көпірлерді, тоннельдерді, виадуктер мен

коммуникациялар, дренаж, канализация, сумен жабдықтау және энергиямен жабдықтау сияқты қызмет көрсетумен байланысты нысандарды бұзуды қоса азаматтық құрылысты ;

iii) зауыт өндірісі элементтерінен ғимараттар мен құрылымдарды монтаждауды және қайта монтаждауды, сондай-ақ, құрылыс алаңында жинақтау элементтерін ө н д і р у д і қ а м т и д ы ;

b) "құрылыс алаңы" термині а) тармағында көрсетілген кез келген процестер немесе операциялар жүзеге асырылатын кез келген алаңды білдіреді;

с) "жұмыс орны" термині өз жұмысын орындау үшін қызметкерлер болуға немесе баруға тиіс және е) тармағында белгіленгеніндей ол жұмыс берушінің бақылауында болуға тиіс кез келген орынды білдіреді;

d) "қызметкер" термині құрылыста жұмыс істейтін кез келген адамды білдіреді;

е) "жұмыс беруші" термині:

i) құрылыс алаңында бір немесе одан көп қызметкерлердің еңбегін пайдаланатын кез келген жеке немесе заңды тұлғаны; және

ii) мән-жайларға қарай, бас мердігерді, мердігерді немесе қосалқы мердігерді б і л д і р е д і ;

f) "құзыретті тұлға" термині белгілі бір жұмысты қауіпсіз орындау үшін тиісті біліктілігі, мысалы тиісті даярлығы, жеткілікті білімі, тәжірибесі және машығы бар адамды білдіреді. Құзыретті билік органдары мұндай адамдарды тағайындау үшін тиісті критерийлерді және мұндай адамдар орындауға тиіс міндеттерді айқындай алады ;

g) "мінбелер" термині кез келген уақытша, стационарлық, аспалы және жылжымалы құрылымды және оның, адамдар мен материалдарды орналастыру үшін немесе кез келген осындай құрылымға қол жетуді қамтамасыз ету үшін тіреу ретінде пайдаланылатын және h) тармағында берілген анықтамаға сәйкес "көтеру механизмі" болып табылмайтын тіреу компоненттерін білдіреді;

h) "көтермелі механизм" термині адамдар мен жүктерді көтеру немесе түсіру үшін пайдаланылатын кез келген стационарлық немесе жылжымалы механизмді;

i) "көтеру жабдығы" термині жүк көтермелі механизмге сол арқылы бекітілуі мүмкін, бірақ көтеру механизмінің немесе жүктің ажырамас бөлігі болып табылмайтын кез келген жабдықты немесе такелажды белгілейді.

## **II БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **3-бап**

Мүдделі жұмыс берушілердің және қызметкерлердің анағұрлым өкілетті ұйымдарымен осы Конвенцияның ережелерін жүзеге асыру үшін қабылдануға тиіс шараларға қатысты консультациялар өткізіледі.

#### **4-бап**

Осы Конвенцияны ратификациялайтын Ұйымның Әрбір Мүшесі, еңбек қауіпсіздігі және еңбек гигиенасы үшін мүмкін қатерлерді бағалау негізінде Конвенция ережелерінің қолданылуын қамтамасыз ететін заңнаманы немесе ережелерді қабылдауға және күшінде сақтауға міндеттенеді.

#### **5-бап**

1. Жоғарыда көрсетілген 4-бапты орындау үшін қабылданған заңнама мен ережелер , техникалық нормалар немесе құрылыс ережелері, немесе ұлттық шарттар мен практикаға жауап беретін өзге де тиісті әдістер арқылы олардың практикалық қолдануын көздей алады .

2. Жоғарыда көрсетілген 4-баптың және осы баптың 1-тармағының ережелерін жүзеге асыра отырып, Ұйымның Әрбір Мүшесі нормаларды белгілеу саласындағы халықаралық ұйымдар танылған деп қабылдаған тиісті нормаларды тиісінше ескереді.

#### **6-бап**

Ұлттық заңнамада немесе ережелерде белгіленген процедураларға сәйкес құрылыс алаңдарындағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбек гигиенасына жәрдемдесу мақсатында жұмыс беруші мен қызметкердің арасындағы ынтымақтастықты қамтамасыз ету шаралары қабылданады.

#### **7-бап**

Ұлттық заңнама немесе ережелер жұмыс берушілер мен жалданбай жұмыс істейтін адамдардың жұмыс орнында белгіленген еңбек қауіпсіздігі мен еңбек гигиенасы шараларын сақтауға міндеттілігін көздейді.

#### **8-бап**

1. Екі немесе одан да көп жұмыс беруші бір құрылыс алаңында бір уақытта жұмыс жүргізген кезде , әр жолы :

а) құрылыс алаңындағы жалпы іс-әрекеттерге практикалық бақылауды жүзеге асыратын немесе негізгі жауапты бас мердігер немесе өзге адам немесе орган еңбек қауіпсіздігі және еңбек гигиенасына қатысты белгіленген шараларды үйлестіруге және

ұлттық заңнама мен ережелерге сәйкес осындай шаралардың сақталуын қамтамасыз етуге жауапты болады;

б) егер құрылыс алаңындағы жалпы іс-әрекеттерге практикалық бақылауды жүзеге асыратын немесе негізгі жауапты бас мердігер немесе өзге адам немесе орган құрылыс алаңында болмаса, олар алаңда;

а) тармақшасында көзделген шараларды үйлестіруді және сақтауды олардың атынан қамтамасыз етуге қажетті өкілеттігі мен қаражаты бар құзыретті адамды немесе органды, ұлттық заңнамаға және ережелерге қаншалықты сәйкес келетін шамада тағайындайды;

с) әрбір жұмыс беруші, өзінің қол астындағы қызметкерлерге қатысты белгіленген шаралардың сақталуына тұрақты түрде жауапты болады.

2. Егер бір құрылыс алаңында жұмыс берушілер немесе жалданбай жұмыс істейтін адамдар бір бірімен қызметті бір уақытта жүзеге асыратын болса, ұлттық заңнама ережелеріне немесе тәртіптерге сәйкес белгіленген еңбек қауіпсіздігі мен еңбек гигиенасы шараларын қолдануда ынтымақтаса еңбек етуге міндетті.

## **9-бап**

Құрылыс нысанын жобалауды және құрылыс жұмыстарын жоспарлауды жүргізетін адамдар ұлттық заңнамаға, ережелерге және практикаға сәйкес құрылысшы-жұмысшылардың еңбек қауіпсіздігі мен еңбек гигиенасын ескереді.

## **10-бап**

Ұлттық заңнама немесе ережелер еңбектің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз етуге қызметкерлердің кез келген жұмыс орнындағы жабдық пен еңбек әдістерін өзі бақылайтын шамада қатысуға және жүзеге асырылып жатқан жұмыс процедуралары еңбек қауіпсіздігі мен еңбек гигиенасына әсер ете алатын болса, оларға қатысты өз пікірін білдіруге құқылы және міндетті болуын көздейді.

## **11-бап**

Ұлттық заңнама немесе ережелер қызметкерлердің:

а) еңбек қауіпсіздігі және еңбек гигиенасының ұйғарылған шараларын жүзеге асыруда жұмыс берушімен мүмкіндігінше тығыз ынтымақтастықта болуға;

б) өз қауіпсіздігі мен денсаулығын және, іс-әрекеттеріне немесе жұмыстағы қателіктеріне байланысты зиян келтірілуі мүмкін басқа адамдардың денсаулығын қамтамасыз ету үшін саналы сақтық көрсетуге;

с) өздеріне берілген құралдарды пайдалануға және өздерін қорғау немесе басқа адамдарды қорғауға арналған қандай да болса құралдарды тиісінше қолданбауға;

d) белгілі қауіп төндіретін және олардың пікірінше өздері тиісінше орындай алмайтын кез келген жағдай туралы қауіпсіздік техникасы мәселелерімен айналысатын өзінің тікелей басшысына немесе бар болса, жұмысшылар өкіліне дереу хабарлауға;

e) еңбек қауіпсіздігі мен еңбек гигиенасының ұйғарылған шараларын орындауға міндеттілігін көздейді.

## **12-бап**

1. Ұлттық заңнама немесе ережелер, қызметкердің қауіпсіздігіне немесе оның денсаулығына сөзсіз және әжептәуір қауіп туындайды деп пайымдауға дәлелді негіздері болса, оның қауіпті аймақтан кетуге құқылы болуы және ол туралы өзінің басшысын дереу хабардар етуге міндеттілігін көздейді.

2. Егер қызметкерлер қауіпсіздігіне сөзсіз қауіп туындаған болса, жұмыс беруші жұмыстарды тоқтату және қажет болған жағдайда қызметкерлерді эвакуациялау үшін шұғыл шаралар қабылдайды.

## **III БӨЛІМ. АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ**

### **13-бап**

#### **Жұмыс орындарындағы қауіпсіздік**

1. Жұмыс орындарының қауіпсіз болуы және қызметкерлердің қауіпсіздігі мен денсаулығына қауіп төндірмеуін қамтамасыз ету үшін қажетті барлық алдын алу шаралары қабылданады.

2. Барлық жұмыс орындарына кірудің және жұмыс орындарынан шығудың қауіпсіз жолдары қамтамасыз етіледі және олардың жақсы жағдайда ұсталады, сондай-ақ қажет болған жерлерде жол сілтегіштермен белгіленеді.

3. Құрылыс алаңындағы немесе құрылыс алаңы ауданындағы адамдарды, осындай алаңда, туындауы мүмкін қауіптің барлық түрлерінен қорғау үшін қажетті барлық алдын алу шаралары қабылданады.

### **14-бап**

#### **Мінбелер және баспалдақтар**

1. Егер жұмысты жерде немесе жерден не құрылыстың немесе өзге стационарлық құрылымның кез келген бөлігінен орындау мүмкін болмаса, қауіпсіз және нормаларға жауап беретін мінбелермен немесе қауіпсіз және нормаларға теңдей шамада жауап беретін өзге құралдармен қамтамасыз етіледі және олар жақсы жағдайда ұсталады.

2. Биік жұмыс орындарына қол жеткізуге өзге қауіпсіз құралдары болмаған кезде, нормаларға жауап беретін берік баспалдақтармен қамтамасыз етіледі. Олар байқаусыз

орнынан жылжып кетпеуі мақсатында тиісінше бекітіледі.

3. Барлық мінбелер мен баспалдақтар ұлттық заңнамаға және ережелерге сәйкес әзірленеді және пайдаланылады.

4. Мінбелерді құзыретті тұлға ұлттық заңнамада немесе ережелерде ұйғарылған жағдайларда және мерзімдерде инспекциялайды.

## **15-бап**

### **Көтеру-тасымалдау механизмдері мен көтеру жабдығы**

1. Әрбір көтеру-тасымалдау механизмі және көтеру жабдығының элементі, олардың компоненттерін, бекітпе құрылғыларын, анкерлер мен тіректерін қоса:

а) дұрыс құрастырылған және әзірленген болуға тиіс, сапалы материалдан жасалған және арналған мақсатқа сай төзімділікке ие болуға тиіс;

б) тиісті түрде орнатылуға және пайдаланылуға тиіс;

с) жақсы жұмыс жағдайында ұсталуға тиіс;

д) оларды құзыретті тұлға ұлттық заңнамада немесе ережелерде ұйғарылған мерзімде және жағдайларда қарауға және сынауға тиіс; көрсетілген тексерулер мен сынақтардың нәтижелері тіркеледі;

е) ұлттық заңнамаға және ережелерге сәйкес қажетті даярлықтан өткен қызметкерлер пайдалануға тиіс.

2. Ауыр жарақатқа немесе адамдардың өліміне әкеліп соғатын төтенше жағдайларды қоспағанда және көтеру механизмін қауіпсіз пайдалану мүмкін болған жағдайда, ұлттық заңнамаға немесе ережелерге сәйкес осы мақсаттарға арнап әзірленген, орнатылған және пайдаланылатын механизмдерде ғана адамдарды көтеру механизмдерінің көмегімен көтеруге, түсіруге немесе орнынан ауыстыруға жол беріледі.

## **16-бап**

### **Көлік, жер қазу және тиеу-түсіру жабдығы**

1. Барлық көлік, жер қазу және тиеу-түсіру жабдығы:

а) тиісті түрде құрастырылған және эргономикалық принциптер мүмкіндігінше ескеріле отырып әзірленген болуға тиіс;

б) жақсы жұмыс жағдайында ұстауға тиіс;

с) тиісті түрде пайдаланылуға тиіс;

д) ұлттық заңнамаға және ережелерге сәйкес қажетті даярлықтан өткен қызметкерлер пайдалануға тиіс.

2. Көлік, жер қазу және тиеу-түсіру жабдығы пайдаланылатын барлық құрылыс алаңдарында:

а) қауіпсіз және нормаларға жауап беретін еркін кіру қамтамасыз етіледі; және

б) қозғалыс, оны қауіпсіз пайдалану қамтамасыз етілетіндей болып ұйымдастырылады және тиісінше бақыланады.

## **17-бап**

### **Қондырғылар, тетіктер, жабдық және қол құрал-саймандары**

1. Қондырғылар, тетіктер және механикаландырылған, сондай-ақ механикаландырылмаған қол құрал-саймандарын қоса, жабдықтар:

а) тиісті түрде құрастырылған және эргономикалық принциптер мүмкіндігінше ескеріле отырып әзірленген болуға тиіс;

б) жақсы жұмыс жағдайы ұсталуға тиіс;

с) егер құзыретті тұлға оларды сындарлы мақсат шеңберінен тыс пайдалану қауіпсіз болып табылады деген қорытындыға келмесе, өздері арналып жасалған жұмыс түрлеріне ғана пайдаланылуға тиіс;

д) қажетті кәсіптік даярлықтан өткен қызметкерлер пайдалануға тиіс.

2. Қажет болған жағдайда әзірлеуші немесе жұмыс беруші жұмыс істейтіндер үшін оларды қауіпсіз пайдалану жөнінде түсінікті нысанда қажетті нұсқаулықтар береді.

3. Компрессорлық қондырғылар мен жабдықтарды құзыретті тұлға ұлттық заңнамада немесе ережелерде ұйғарылған жағдайларда және мерзімде сынайды және тексереді.

## **18-бап**

### **Шатырларды қоса, биіктікте орындалатын жұмыс**

1. Қауіптен сақтау немесе егер ғимараттың биіктігі немесе көлбеу бұрышы ұлттық заңнамада немесе ережелерде ұйғарылған шамадан артық болса, қажет болған жағдайда адамдар, құрал-саймандар немесе басқа заттардың немесе материалдардың құлауының алдын алу шаралары қабылданады.

2. Егер қызметкерлер жұмысты шатырларда немесе шатырлардың маңайында немесе тесіп өтіп құлауы мүмкін, осал материалдармен жабылған жерлерде орындауға тиісті болса, осал материалдар бетін байқаусыз басудың немесе оны тесіп құлаудың алдын алу шаралары қабылданады.

## **19-бап**

### **Котловандар, құдықтар, жер және жерасты иммараттары мен тоннельдер**

Әрбір котлованның, құдықтың, жер немесе жерасты иммараты мен тоннельдің і ш і н д е :

а) қызметкерлердің топырақтың, тастақ жердің немесе өзге материалдың үгітілуі



немесе құлауы төндіретін қауіптен сақтану үшін тиісті бекітпе арқылы немесе өзгеше түрдегі ;

b) адамдар, материалдар немесе заттар құлау, немесе котловандарды, құдықтарды, жер және жерасты ғимараттары мен тоннельдерді су бұзу салдарынан туындайтын қауіптен сақтану мақсатында ;

c) дем алуға қажетті атмосфераны ұстау мақсатында және түрлі түтіндерді, газдарды, буды, тозаңды немесе өзге қоспаларды ұлттық заңнамаға немесе ережелерге сәйкес денсаулық үшін қауіпсіз және зиянсыз құрамдағы деңгейге дейін шектеу үшін әрбір жұмыс орнында жеткілікті желдетуді қамтамасыз ету үшін;

d) өрт болған немесе сумен бұзылған немесе материалдар құлаған жағдайда жұмыс істеушілерді қауіпсіз аймаққа эвакуациялау мүмкіндігімен қамтамасыз ету үшін;

e) қызметкерлерді сұйық циркуляциясы немесе газ қапшықтарының қысымы сияқты қауіпті жер асты факторлары болуының мүмкін салдарынан пайда болатын қатерлерден сақтау үшін, оларды табу мақсатында тиісті іздеу жүргізу жолымен сақтық шаралары қолданылуға тиіс.

## **20-бап**

### **Маңдайшалар мен кессондар**

1. Кез келген маңдайша мен кессон:

a) тиісті конструкцияда болуға тиіс, қолайлы және сапалы материалдан жасалуға және қажетті төзімділікке ие болуға тиіс;

b) су бұзған немесе материалдар опырылып құлаған жағдайда қызметкерлерді қауіпсіз аймаққа эвакуациялау үшін қажетті құралдармен жабдықталуға тиіс.

2. Кессонның маңдайшасын орнату, орналастыру, оған өзгеріс енгізу немесе бөлшектеу тек құзыретті тұлғаның тікелей қадағалауымен ғана жүргізіледі.

3. Әрбір маңдайша мен әрбір кессонды ұйғарылған уақыт аралығында құзыретті тұлға инспекциялайды.

## **21-бап**

### **Сығымдалған ауадағы жұмыс**

1. Сығымдалған ауадағы жұмыс ұлттық заңнамада немесе ережелерде ұйғарылған шараларды сақтай отырып қана орындалады.

2. Сығымдалған ауадағы жұмысты медициналық тексеру арқылы мұндай жұмысқа аттестатталған қызметкерлер ғана және өндірістік операциялардың жүргізілуін қадағалайтын құзыретті тұлғаның қатысуымен жүргізеді.

## **22-бап**

### **Көтергіш рама конструкциялары және қорама қалып**

1. Көтергіш рама конструкцияларын және олардың компоненттерін, қорама қалыпты, тіреу конструкциялары мен қорама қалыпты ұстайтын ағаштарды құрастыру құзыретті тұлғаның қадағалауымен ғана жүргізіледі.

2. Жұмыс істейтін адамдарды конструкцияның уақытша беріксіздігіне немесе орнықсыздығына байланысты қауіптен сақтау мақсатында тиісті шаралар қабылданады.

3. Қорама қалыптың, тіреу конструкцияларының және қорама қалыпты ұстайтын ағаштардың конструкциясы оларға түсетін барлық жүктемені көтеретіндей конструкцияда жасалуға және сондай жағдайда ұсталуға тиіс.

## **23-бап**

### **Су үстіндегі жұмыс**

Егер жұмыс судың үстінде немесе суға жақын жерде жүргізілетін болса:

- a) адамдардың суға құлауын болдырмау;
- b) жұмыс істеп жүріп суға кету қаупі бар адамдарды құтқару;
- c) жеткілікті мөлшерде қауіпсіз көлік тиісінше қамтамасыз етіледі.

## **24-бап**

### **Бұзу жөніндегі жұмыстар**

Егер кез келген ғимараттар мен ғимараттарды бұзу жұмыс істеп жүрген адамдар үшін немесе айналадағылар үшін қауіп төндіретін болса:

a) ұлттық заңнамаға немесе ережелерге сәйкес қалдықтар мен қалған материалдарды жинауды қоса, қажетті алдын алу шаралары, операциялардың әдістері мен тәртібі қабылданады;

b) жұмыстар құзыретті тұлғаның қадағалауымен ғана жоспарланады және жүргізіледі.

## **25-бап**

### **Жарық беру**

Қажет болған жағдайда, тиісінше және жеткілікті, тасымалды жарық беруді қоса, әр жұмыс орнында және жұмыс істейтін адам өтетін құрылыс алаңының кез келген жерінде жарық беру қамтамасыз етіледі.

## 26-бап

### Электр

1. Барлық электр жабдықтары мен қондырғыларын құзыретті тұлға әзірлейді, орнатады және тиісті жағдайда ұстайды әрі қауіп тудырмастай пайдаланады.

2. Құрылыс басталғанға дейін және оның барысында жұмыс істейтін адамдарға құрылыс алаңының астында, үстінде немесе өзінде орналасқан кез келген кернеудегі электр сымдары немесе электр жабдықтары тудыратын қауіпті анықтау және одан сақтану үшін тиісті шаралар қабылдайды.

3. Құрылыс алаңдарында электр кабельдері мен электр жабдықтарын жүргізу және тиісті жағдайда ұстау кезінде ұлттық деңгейде қолданылатын техникалық ережелер мен стандарттар басшылыққа алынады.

## 27-бап

### Жарылғыш заттар

#### Ж а р ы л ғ ы ш з а т т а р :

а) ұлттық заңнамада немесе ережелерде ұйғарылған жағдайларда ғана сақталады, тасымалданады, орнынан ауыстырылады және пайдаланылады; және

б) жұмыс істейтін және басқа да адамдардың денсаулығына қауіп төндірмеуді қамтамасыз ету үшін қажет шараларды қабылдайтын құзыретті тұлға ғана оларды сақтайды, тасымалдайды, орнынан ауыстырады және пайдаланады.

## 28-бап

### Денсаулық үшін қауіпті

1. Егер жұмыс істейтін адамға химиялық, физикалық немесе биологиялық сипаттағы кез келген зиянды фактор, оның денсаулығына зиян келтіретін көлемде әсер ететін болса, мұндай әсерді болдырмау үшін тиісті шаралар қабылданады.

2. 1-тармақта көрсетілген алдын алу шаралары:

а) мүмкіндігінше қауіпті заттарды қауіпсіз немесе қауіпсіздеу заттармен а у ы с т ы р у д ы ; н е м е с е

б) қондырғылар, тетіктер, жабдық немесе технологиялық процестерге қатысты арнайы шаралар қабылдауды; немесе

с) а) және б) тармақшалардағы ережелерді сақтау мүмкін болмағанда, онда басқа жеке қорғаныс құралдары мен қорғаныс киімін пайдалануды қоса алғанда, басқа тиімді ш а р а л а р қ а б ы л д а у д ы қ а м т и д ы .

3. Егер жұмыс істеушілерден улы немесе зиянды заттары болуы мүмкін немесе ауада оттегі құрамы төмен, немесе ауасы өрт қауіпті болуы мүмкін аймаққа кіру талап етілетін болса, оларды қауіптен қорғаудың тиісті шаралары қабылданады.

4. Қалдықтар жойылады немесе құрылыс алаңынан денсаулыққа зиян келтірмейтіндей әдіспен әкетіледі.

## **29-бап**

### **Өрт қауіпсіздігі**

#### **1. Жұмыс беруші:**

- a) өрт туындау қаупінің алдын алу үшін;
- b) тұтану ошақтарын жылдам және тиімді жою үшін;
- c) адамдарды шұғыл және қауіпсіз эвакуациялауды қамтамасыз ету үшін барлық тиісті шараларды қабылдайды.

2. Тұтанғыш сұйықтар, қатты заттар мен газдар үшін жеткілікті және лайықты қоймалар көзделеді.

## **30-бап**

### **Жеке қорғану құралдары және қорғану киімі**

1. Егер жазатайым оқиғаның ықтимал болуынан немесе қолайсыз жағдайларды қоса, денсаулыққа келтірілетін зияннан тиісті қорғау өзге құралдармен қамтамасыз етілмесе, жұмыс беруші қызметкерлер үшін, жұмыстың сипаты мен қатерін ескере отырып, ұлттық заңнамадағы және ережелердегі ұйғарымдарға сәйкес тиісті жеке қорғану құралдарын және қорғану киімін тегін береді және оларды тиісті жағдайда тегін ұстайды.

2. Жұмыс беруші қызметкерлерге жеке қорғану құралдарын пайдалануға мүмкіндік беретін қажетті құралдарды береді және олардың тиісті қолданылуын қамтамасыз етеді.

3. Жеке қорғану құралдары және қорғану киімі құзыретті органдар эргономикалық принциптерді мүмкіндігінше ескере отырып белгілеген стандарттарға сәйкес болуға тиіс.

4. Жұмыс істейтін адамдардан жеке қорғану құралдарын және қорғану киімін тиісті пайдалану және ұқыпты ұстау талап етіледі.

## **31-бап**

### **Алғашқы көмек**

Жұмыс беруші кез келген уақытта алғашқы көмекті оқытылған қызметшілер жасауына жауапты болады. Жарақат алған немесе кенеттен ауырып қалған қызметкерлерді, оларға медициналық көмек көрсету мақсатында эвакуациялауды қамтамасыз ететін шаралар қабылданады.

## 32-бап

### Санитарлық-тұрмыстық жағдайлар

1. Әрбір құрылыс алаңы немесе одан қолайлы қашықтықта қажетті сапалы ауызсу қоры мен қамтамасыз етіледі.

2. Әрбір құрылыс алаңында немесе одан қолайлы қашықтықта жұмыс істейтін адамдар санына және жұмыстың ұзақтығына қарай қызмет көрсетілетін:

- а) санитарлық және жуыну бөлмелерімен;
- б) киім ауыстыратын, сақтайтын және кептіретін бөлмелермен;
- с) тамақтануға және ауа райының жайсыз болуы себебінен жұмыстағы үзілістерде адамдар паналауға арналған бөлмелермен қамтамасыз етіледі.

3. Қызметкер әйелдер мен еркектер жеке санитарлық және жуыну бөлмелерімен қамтамасыз етіледі.

## 33-бап

### Хабардар ету және оқыту

Қызметкерлер тиісті және лайықты түрде

- а) еңбек қауіпсіздігі және жұмыс орындарында олардың денсаулығы үшін ықтимал қолайсыз факторлар туралы хабардар етіледі;
- б) осы зиянды факторларды болдырмау, олармен күресу және олардан қорғану үшін жүргізілетін шараларға қатысты нұсқаулық алады және даярлықтан өтеді.

## 34-бап

### Жазатайым оқиғалар мен аурулар туралы хабарлау

Ұлттық заңнамада немесе ережелерде өндірістегі жазатайым оқиғалар және кәсіптік аурулар туралы құзыретті билік органына белгіленген мерзімде хабарлау көзделеді.

## IV БӨЛІМ. ҚОЛДАНУ

## 35-бап

Ұйымның әрбір Мүшесі:

- а) осы Конвенция ережелерінің тиімді сақталуын қамтамасыз ету мақсатында тиісті санкцияларды және түзету шараларын енгізуді қоса алғанда, қажетті барлық шаралар қабылдайды;
- б) осы Конвенцияға сәйкес қабылдануға тиіс шаралардың қолдануын бақылау үшін

тиісті инспекция қызметтерімен қамтамасыз етеді және өздерінің міндеттерін орындау үшін бұл қызметтерді қажетті ресурстармен қамтамасыз етеді немесе тиісті инспекция жүргізілетінін тексереді.

## **V БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **36-бап**

Осы Конвенция Құрылыстағы қауіпсіздік техникасы туралы 1937 жылғы Конвенцияны қайта қарайды.

### **37-бап**

Осы Конвенцияны ратификациялау туралы ресми құжаттар тіркеу үшін Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберіледі.

### **38-бап**

1. Осы Конвенция бекіту туралы құжаттарын Бас Директор тіркеген Халықаралық Еңбек Ұйымының Мүшелерін ғана өзара байланыстырады.

2. Ол ратификациялау туралы Ұйымның екі Мүшесінің құжаттарын Бас Директор тіркегеннен кейін он екі ай өткен соң күшіне енеді.

3. Соңынан ратификациялау туралы Ұйымның әрбір Мүшесінің құжаты тіркелген күннен кейін он екі ай өткен соң, осы Конвенция ұйымның сол мүшесіне қатысты күшіне енеді.

### **39-бап**

1. Ұйымның осы Конвенцияны бекіткен әрбір Мүшесі ол алғаш күшіне енгізілген кезден бастап он жыл мерзім өткен соң Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына тіркеу үшін жіберілген және онда тіркелген күшін жою туралы акті арқылы оның күшін жоя алады. Күшін жою туралы акті тіркелгеннен кейін бір жылдан соң күшіне енеді.

2. Ұйымның осы Конвенцияны ратификациялаған әрбір Мүшесі алдыңғы тармақта айтылған он жыл кезең өткеннен кейінгі бір жыл мерзім ішінде күшін жою туралы осы бапта көзделген өз құқығын пайдаланбаса, Конвенция келесі он жыл мерзімде күшінде қалады және кейіннен әрбір он жылдық кезең өткен соң бұл Конвенцияның күшін осы бапта белгіленген тәртіппен жоя алады.

### **40-бап**

1. Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директоры Ұйым Мүшелері өзіне жіберген барлық ратификациялау туралы құжаттар мен күшін жою туралы актілердің тіркелгені туралы Халықаралық Еңбек Ұйымының барлық Мүшелеріне хабарлайды.

2. Бекіту туралы өзі алған екінші құжаттың тіркелгені туралы Ұйым мүшелеріне хабарлай отырып, Бас Директор олардың назарын осы Конвенцияның күшіне енген күніне аударады.

## **41-бап**

Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директоры алдыңғы баптардың ережелеріне сәйкес өзі тіркеген барлық бекіту туралы құжаттар, күшін жою туралы актілер жөніндегі толық мәліметтерді Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес тіркеу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына жібереді.

## **42-бап**

Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі қажет деп тапқан жағдайларда, ол Бас Конференцияға осы Конвенцияны қолдану туралы баяндаманы ұсынады және Конференцияның оны толық немесе ішінара қайта қарау туралы мәселені күн тәртібіне енгізудің тиімділігін қарайды.

## **43-бап**

1. Егер Конференция осы Конвенцияны толық немесе ішінара қайта қарайтын жаңа конвенцияны қабылдаса және жаңа конвенцияда өзгеше көзделмеген болса, онда:

а) Ұйымның қайсыбір Мүшесінің қайта қаралған жаңа конвенцияны бекітуі, қайта қарайтын жаңа конвенция күшіне енгізілген жағдайда, 39-баптың ережелеріне қарамастан, осы Конвенция күшінің бірден автоматты түрде кешіктірмей жойылуына

ә к е п с о қ т ы р а д ы ;  
б) қайта қаралған жаңа конвенция күшіне енгізілген күннен бастап осы Конвенция оны Ұйым Мүшелерінің ратификациялауы үшін жабық болады.

2. Осы Конвенция оны ратификациялаған, бірақ қайта қарайтын жаңа конвенцияны ратификацияламаған Ұйымның Мүшелері үшін нысаны мен мазмұны жағынан кез келген жағдайда өз күшінде қалады.

## **44-бап**

Осы Конвенцияның ағылшынша және французша мәтіндерінің күші бірдей.

Осымен 1988 жылғы 22 маусымда жасалған "Құрылыстағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбек гигиенасы туралы" Халықаралық еңбек ұйымының 167 Конвенциясының бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

*Қазақстан Республикасы Еңбек және  
халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің  
Еңбек және халықты жұмыспен қамту*

*Департаментінің Директоры*

**РҚАО-ның ескертуі: Бұдан әрі Құрылыстағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбек гигиенасы туралы конвенцияның (167-конвенция) ағылшын тіліндегі мәтіні беріліп отыр.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК